

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ

«Бекітемін»
Университет ректоры: т.ғ.д., проф.
Б.М.Болашақ У.Мубетов
«20» Ақпан 2024ж.



МАГИСТРАНТТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ -ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН
ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Қызылорда 2024 ж

1. Қолдану саласы

Осы Ереже Қызылорда «Болашақ» университетінде магистратура білім беру бағдарламалары бойынша оқитын білім алушылардың орындайтын ғылыми-зерттеу жұмысының құрылымына, ресімдеу ережелері мен қорғау ісін ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

Осы Ереже Қызылорда «Болашақ» университетінің кафедраларында қолдануға міндетті болып табылады.

2. Нормативтік сілтемелер

Осы Ереже мыналарға сәйкес әзірленді:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-IV «Білім туралы» Заңы (08.01.2021 ж. өзгерістер мен толықтырулармен);

2. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы №407-IV «Ғылым туралы» Заңы;

3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы (27.08.2024ж. №419 бұйрығымен өзгерістер енгізілген);

4. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы (24.06.2024ж. №307 бұйрығымен өзгерістер енгізілген);

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары» (29.04.2024ж. №203 бұйрығымен өзгерістер енгізілген);

6. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы».

3. Терминдер мен анықтамалар, қысқартулар

Келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

3.1 Магистратура – кемінде 60-120 академиялық кредитті міндетті түрде меңгеру арқылы тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі;

3.2 Магистр – магистратураның білім беру бағдарламасын меңгерген тұлғаларға берілетін дәреже. Магистрант – магистратурада білім алушы тұлға;

3.3 Магистрлік диссертация – ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті проблеманың теориялық және/немесе практикалық әзірлемесін қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын, ғылым мен техниканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген бітіру жұмысы;

3.4 Ғылыми тағылымдама - магистранттарға диссертациялар үшін теориялық және практикалық материалдар жинауды жүзеге асыруға, тәжірибе алмасуға, өздерінің ғылыми зерттеулерін басқа ұйымдардың әріптестерінің алдында ұсынуға, сондай-ақ өз ізденістерінің нәтижелерін жариялауға, ғылыми конференциялар мен симпозиумдарға баяндамалармен қатысуға мүмкіндік беретін магистратура бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады.

3.5 Жеке оқу жоспары (бұдан әрі – ЖОЖ) – білім алушының білім беру бағдарламасының және элективті пәндер каталогының негізінде эдвайзердің көмегімен әрбір оқу жылына жеке жасайтын оқу жоспары;

3.6 Құзыреттілік – оқу процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті.

4. Жалпы ережелер

4.1 Магистратура – бұл жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдарда біліктілігі жоғары ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау нысаны.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары біліктілігі жоғары педагогтер, ғылыми қызметкерлер мен басшы кадрлар даярлауға, олардың ғылыми, педагогтік және кәсіптік даярлық деңгейін дәйектілікпен арттыруға бағытталған. Магистратураның білім беру бағдарламасының мазмұны мыналардан тұрады:

1) базалық және бейіндеуші пәндер циклдерін зерделеуді қамтитын теориялық оқу;

2) магистранттарды практикалық даярлау: практикалардың, ғылыми және кәсіби тағылымдамалардың түрлері;

3) ғылыми-педагогикалық магистратура үшін – магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы немесе бейінді магистратура үшін – магистрлік жобаны орындауды қамтитын эксперименттік-зерттеу жұмысы. ЭАОО үшін магистрлік диссертацияны немесе магистрлік жобаны орындау;

4) қорытынды аттестаттау.

4.2 Магистратура Қазақстанның білім беру жүйесінің аяқтаушы білім беру деңгейі болып табылады.

4.3 Білім беру бағдарламасының ғылыми-зерттеу компоненті магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысынан, ғылыми жарияланымдардан және магистрлік диссертация жазудан құралады.

4.5 Магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы шеңберінде магистранттың жеке жұмыс жоспарында инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті саладағы немесе қызмет салаларындағы ұйымдарда ғылыми тағылымдамадан міндетті өту қарастырылады.

4.6 Ғылыми-зерттеу жұмысы магистрлер даярлаудың негізгі білім беру бағдарламасының міндетті бөлімі (құрамдас бөлігі) болып табылады және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған.

5. Ғылыми-педагогикалық магистратурадағы магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысына қойылатын талаптар:

5.1 Магистрлік диссертация орындалатын және қорғалатын білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келуі;

5.2 Өзекті, ғылыми жаңалығының және практикалық маңызының болуы;

5.3 Ғылым мен практиканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуі;

5.4 Ғылыми зерттеулердің қазіргі әдістерін қолдана отырып орындалуы;

5.5 Негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінің болуы;

5.6 Тиісті білім беру саласында алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибеге негізделуі қажет.

6. Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының мақсаттары мен міндеттері.

6.1 Ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты – ғылыми таным әдіснамасын меңгерген және қазіргі заманғы ғылым мен техника проблемаларын зерттеуде ғылыми әдістерді қолдануға қабілетті магистрантты дайындау.

6.2 Ғылыми-зерттеу жұмысының міндеттері:

- магистранттардың теориялық тұжырымдамаларды практикалық тұрғыда іске асыру мақсатында және кейіннен халықаралық деңгейде апробациялай отырып, оларды сыни талдау және меңгеру қабілеттері мен дағдыларын дамыту;

- магистранттардың кәсіби өсу және өзін-өзі дамыту қабілеттерін, барлық белсенді тіршілік әрекеті барысында жаңа білімдерді өз бетінше шығармашылық меңгеру дағдыларын қалыптастыру;

- магистранттарға ғылым мен техниканың заманауи бағыттары бойынша білім берудің жеке траекториясын таңдауға мүмкіндік беру.

6.3 Магистрлік даярлық бағдарламаларын игеру нәтижесінде түлектер кәсіби ғылыми-зерттеу жұмысының мынадай түрлері мен міндеттерін орындауға дайын болуға тиіс:

- зерттеу саласын жүйелі түсінуді, осы салада қолданылатын зерттеу біліктері мен әдістері бөлігіндегі шеберлікті көрсету;

- ғылыми зерттеулердің кешенді процесін жоспарлау, әзірлеу, іске асыру және түзету;

- ұлттық немесе халықаралық деңгейде жариялауға лайық болуы мүмкін ғылыми саланың шекарасын кеңейтуге өзінің түпнұсқа зерттеулерімен үлес қосу.

7. Ғылыми-зерттеу жұмысын орындау тәртібі мен шарттары.

7.1. Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстары магистрлер даярлаудың білім беру бағдарламасының міндетті бөлімі болып табылады. Жұмыс тікелей университеттің кафедраларында, зертханаларында, ғылыми және жобалау бөлімдерінде және т.б. ұйымдастырылады.

Білім алушының ғылыми-зерттеу (тәжірибелік-зерттеу) жұмысы – игерген білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес, ғылым саласының өзекті мәселесі бойынша жетекшінің (кеңесшінің) басшылығымен жүргізілетін өзіндік зерттеу.

Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша білім алушы ғылыми жұмыстарды ғылыми журналдарда жариялайды, сонымен қатар ашық қорғауға арналған бітіру жұмысты (магистрлік диссертация/жоба) ұсынады.

7.2. Магистр деңгейіндегі қорытынды (магистрлік диссертация/ жоба) жұмыстың мақсаты:

- таңдаған мамандандыру саласындағы ғылым мен тәжірибенің заманауи теориялық және технологиялық жетістіктері туралы білімді жүйелеу, шоғырландыру және кеңейту;

- таңдалған мамандану саласы бойынша алдыңғы қатарлы ғылыми әдістемені игеру, өзіндік ғылыми зерттеулер жүргізу, нақты ғылыми және тәжірибелік мәселелерді шешу қабілеттерін қалыптастыру;

- жаңа фактілерді, құбылыстарды, заңдылықтарды анықтау немесе сипаттау, басқа ғылыми позициялардан бұрын белгілі болған позицияларды жалпылау немесе жаңа аспект бойынша жалпылау мақсатында ғылымның тиісті саласының өзекті мәселелерінің бірін тәуелсіз зерттеу;

- ғылыми-зерттеу біліктілік деңгейінің, магистратура түлегінің ғылыми-тәжірибе, соның ішінде пәнаралық мәселелерді шығармашылық тұрғыда тұжырымдай және шеше алатын зерттеуші ретінде жетілуінің деңгейін көрсету.

Білім алушының ғылыми жетекшілері/кеңесшілері білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге жауап береді:

- қажетті көздер мен ресурстарға қол жетімділікті қамтамасыз ету;

- білім алушыға ғылыми зерттеулер жүргізу этикасы және академиялық адалдық нормалары туралы ақпарат беру;

- бітіруші жұмысты орындау барысында көмек және кеңес беру;

- білім берушінің ұсынған материалдары бойынша кері байланыс беру;

- қажет болған жағдайда шетелдік университеттерде, ғылыми-зерттеу институттарында, орталықтарда және т.б. білім беру және ғылым ұйымдарында білім алушының зерттеу жұмыстарын жүргізуін қамтамасыз ету;

- өткізілген зерттеу нәтижелерін жариялауға дайындауға ықпал ету;

- білім алушыларды ғылыми жобалар мен бағдарламаларға қатысуға тарту;
- білім алушылардың ғылыми-зерттеу (тәжірибелік-зерттеу) жұмыстарын орындауға байланысты басқа мәселелерді шешу.

Ғылыми-зерттеу (тәжірибелік-зерттеу) жұмыстарын орындау, магистранттар жеке оқу жоспарларына қосымша (диссертация тақырыбы және құрылымы көрсетілген; диссертацияның жоспары; ғылыми жарияланымдар мен шетелдік тағылымдамалар жоспары), оқудың барлық кезеңіндегі жеке жұмыс жоспарларын, соның ішінде ғылыми-зерттеу/тәжірибелік-зерттеу жұмыстарының жеке жоспарын жасайды және бекітеді;

Магистранттар ғылыми-зерттеу/ тәжірибелік зерттеулерінің нәтижелерін зерттеу бүкіл ғылыми-зерттеу кезеңінде (эксперименталды-зерттеу), әр оқу кезеңінде 100 баллдық шкала бойынша жүргізіледі.

8. Ғылыми-зерттеу жұмысының құрылымы, мазмұны мен ресімдеу, қорғауға ұсыну және қорғау ісі ережелері.

8.1. Магистранттың ғылыми-зерттеу (тәжірибелік-зерттеу) жұмысы (бұдан әрі – МҒЗЖ (МЭЗЖ)) шеңберінде магистранттың жеке жұмыс жоспарында инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті саладағы немесе қызмет салаларындағы ұйымдарда ғылыми тағылымдамадан міндетті өту қарастырылады. МҒЗЖ (МЭЗЖ) оқу жұмысының басқа түрлерімен қатар немесе жеке кезеңде жоспарлануы мүмкін. Ғылыми-зерттеу немесе тәжірибелік-зерттеу жұмысының нәтижелерін оларды жүргізген әрбір кезеңнің соңында магистрант есеп түрінде ресімдейді.

Бірінші академиялық кезеңде магистрант бекітілген диссертация тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы шеңберінде жеке жұмыс жоспарын жасайды. Тақырып аясында әдебиеттік ізденіс жасайды, тақырыптың зерттелу жай-күйімен танысады. Ғылыми-ізденіс сайттары, ғылыми журналдар, ғылыми әдебиеттер базалары көмегімен ізденіс жүргізеді. Диссертация тақырыбы бойынша әдебиеттік шолу жазылады. Зерттеу мақсаты мен міндеттері, зерттеу нысаны, зерттеу болжамы анықталады.

Екінші академиялық кезеңде магистрант жеке жұмыс жоспары бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуді жалғастырады. Тақырып аясында зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін анықтайды. Ғылыми-ізденіс сайттары, ғылыми журналдар, ғылыми әдебиеттер базалары көмегімен зерттеу әдістерін таңдайды. Диссертация тақырыбы бойынша әдебиеттік шолу негізінде ғылыми журналға мақала жазу мен оны шығару жұмыстарымен айналысады.

Үшінші академиялық кезеңде магистрант жеке жұмыс жоспары бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуді жалғастырады. Тақырып аясында зерттеудің тәжірибелік бөлімінің жоспарын жасайды. Ғылыми конференцияларға қатысады, мақала жариялайды.

Төртінші академиялық кезеңде магистрант жеке жұмыс жоспары бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын қорытындылайды, нәтижесін өңдеу жұмыстарын жасайды. Зерттеу тәжірибелерінің қорытындысымен ғылыми конференцияларға қатысады, диссертацияны ресімдеумен айналысады, мақала жариялайды.

8.2. Жыл сайын оқу жылы аяқталғаннан кейін магистрант жеке жұмыс жоспарының орындалуы бойынша академиялық аттестаттаудан өтеді. Магистрантты академиялық аттестаттаудан өткізу рәсімін ЖОО дербес айқындайды. Магистранттың ғылыми-зерттеу немесе тәжірибелік-зерттеу жұмысының соңғы қорытындысы магистрлік диссертация (жоба) болып табылады.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер жөніндегі
проректоры:

Г.Ж.Снасапова

Академиялық мәселелер жөніндегі
басқарма басшысы:

А.К.Мырзанова

Білім беру және педагогика жоғары мектебі
деканы:

Д.Ж.Серкебаев

Бизнес, техника және технология жоғары
мектебі деканы:

М.Ә.Ембергенов

Құрастырған:

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім
бөлімінің басшысы:

А.Т.Еспенбетова

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ**

«Бекітемін»

Білім беру және педагогика
жоғары мектебінің деканы

_____ Д.Ж.Серкебаев

«___» _____ 2024ж.

Білім беру бағдарламасының аталуы

**ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕСЕБІ
I академиялық кезең**

Орындаған:

Қабылдаған:

Қызылорда, 2024

Магистрлік диссертация тақырыбы:

Ғылыми жетекшісі:

Тақырыптың өзектілігі:

Зерттеу мақсаты:

Негізгі міндеттері:

Магистранттың жеке жұмыс жоспарына сай атқарылған жұмыстар:

Жұмыс атауы	Жалпы және қысқаша мазмұны
Әдебиеттермен жұмыс	
Диссертация бойынша материалдарды жинау	
Диссертация бойынша материалдарды сұрыптау	
Диссертациялық жұмыстың жоспарын ғылыми жетекшімен талқылау	

Магистрант _____ «_____» _____ 20__ ж.
қолы, подпись

Есеп талқыланды және бекітілді _____ «_____» _____ 20__ ж.
қолы, подпись

Жетекшінің магистрантты аттестаттауы _____
(аттестациядан өтті, өтпеді,)

(жетекшінің қолы)

Кафедра меңгерушісі: _____

Бағалау критерийлері
Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)

1 блок – Жүргізілетін зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми консультанттардың тапсырмаларын орындау		бағалау
1	Магистрлік диссертация жазу және ҒЗЖ жүргізу бойынша ғылыми консультанттың ұсынымдарын орындау дәрежесі	49-100
2	Жеке жұмыс жоспарына сәйкес жоспарланған іс-шаралардың орындалуын жоспар-фактілік бақылау	49-100
1-блок бойынша орташа бағасы		49-100
2 блок – Ғылыми-зерттеу компоненттерін орындау		бағалау
1	Кафедраның ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу (кафедралық тақырып)	49-100
2	ЖОО, кафедра өткізетін ғылыми және ғылыми-әдістемелік семинарларға қатысу	49-100
3	Халықаралық конференциялар материалдарында ғылыми мақалалар дайындау және жариялау	49-100
4	Компьютерлік технологияларды қолдана отырып, деректерді өңдеу мен түсіндірудің заманауи әдістерін қолдану	49-100
5	Жобалау құжаттарын және пәндік салаға байланысты өзге де ережелерді әзірлеуге қатысу	49-100
6	Жалпыуниверситеттік ғылыми зерттеулерге, оның ішінде бірлескен ғылыми жобалар мен бағдарламаларға қатысу	49-100
2-ші блок бойынша орташа бағасы		49-100
1-ші және 2-ші блоктар бойынша қорытынды бағасы		49-100

МҒЗЖ бағалау критерийлері (семестрлік)

«Аттестаттау» - аталған тақырып бойынша қазіргі заманғы әдебиеттерді міндетті түрде талдауды (жетекші отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдамаларын, пікірлерін, теорияларын; қолданыстағы заңнамалық және нормативтік құжаттарға шолуды; проблеманың әртүрлі аспектілерін қарауды; шетелдік әдебиеттерге шолуды) көздейді.

Практикалық бөлімде компьютерлік технологияларды қолдана отырып, деректерді өңдеудің және түсіндірудің заманауи әдістерін қолданып, зерттеу тақырыбының қазіргі жағдайын терең және жан-жақты талдау қажет. Қорытынды бөлімде зерттелген мәселені шешудің автор әзірлеген механизмі, зерттеу объектісінің болжамды бағалары мен даму нұсқалары, оның жұмыс істеу тиімділігін арттыруға ықпал ететін перспективалық шаралар және т. б. болуы керек.

Ғылыми-зерттеу компонентіне міндетті түрде диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша толық көлемдегі жарияланымдар, сондай-ақ магистранттың кафедраның ҒЗЖ-ға қатысуының нақты (практикалық) нәтижелері кіруі тиіс.

«Аттестациядан өтпеу» - диссертациялық жұмыста мәселенің теориялық әзірленуінің төмен деңгейі ұсынылған; практикалық материалды талдау жоқ; зерттелетін мәселе бойынша нақты тұжырымдар мен ұсыныстар жоқ; жұмыс бөлімдер арасындағы логикалық өзара байланыссыз әдеби дереккөздердің макетін білдіреді.

- Ғылыми-зерттеу компоненті бөлімдердің ешқайсысында орындалған жоқ.

ҒЗЖ бағалау критерийлері (жылдық)

«А-» «А» (90-100) – осы тақырып бойынша қазіргі заманғы әдебиетті міндетті түрде талдауды көздейді (жетекші отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдамаларын, пікірлерін, теорияларын; қолданыстағы заңнамалық және нормативтік құжаттарға шолуды; проблема аспектісін қарауды; шетел әдебиетіне шолуды).

- Практикалық бөлімде компьютерлік технологияларды қолдана отырып, деректерді өңдеу мен түсіндірудің заманауи әдістерін қолдана отырып, зерттеу тақырыбының қазіргі жағдайына терең және жан-жақты талдау жасалуы керек.

- Қорытынды бөлімде автор әзірлеген зерделенген проблеманы шешу тетігі, зерттеу объектісінің болжамды бағалануы мен даму нұсқалары, оның жұмыс істеу тиімділігін арттыруға ықпал ететін перспективалық іс-шаралар және т. б. қамтылуы тиіс.

- Ғылыми-зерттеу компоненті міндетті түрде диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша жарияланымдарды, сондай-ақ магистранттың кафедраның ҒЗЖ-ға қатысуының нақты (практикалық) нәтижелерін қамтуы тиіс.

«В-», «В», «В+», «С+» (70-89) – теориялық мәселелердің толық жария етілмеуіне, диссертациялық зерттеу тақырыбын қарауға кешенді емес көзқарасқа, ағымдағы практикалық материалды толық емес талдауға, жұмыстың теориялық және практикалық бөліктері арасындағы логикалық байланыстың бұзылуына; автордың тұжырымдары мен ұсыныстарының жалпы, жеткіліксіз нақты сипатына жол береді.

- Ғылыми-зерттеу компонентіне толық емес көлемдегі Жарияланымдар кіреді, магистр кафедраның ҒЗЖ-да кейбір нәтижелер алды.

«D», «D+», «C-», «C», (50-69) – диссертациялық жұмыста елеулі кемшіліктер болуы мүмкін, атап айтқанда: теориялық проблемаларды үстірт әзірлеу, теориялық тұжырымдар дәлелдемелерінің болмауы, зерттеу тақырыбын негізсіз тар қарау, практикалық маңыздылығының төмендігі, тұжырымдар мен ұсыныстардың қолданбалы сипатының болмауы.

- Ғылыми-зерттеу компоненті тек бір немесе бірнеше бөлімде орындалған, кафедраның ҒЗЖ-да магистранттың жұмыс нәтижелері жоқ.

«F», «FX» (0-49) – диссертациялық жұмыста проблеманың теориялық әзірленуінің төмен деңгейі ұсынылған; практикалық материалға талдау жасалмаған; зерттелетін мәселе бойынша нақты тұжырымдар мен ұсыныстар қамтылмаған; жұмыс бөлімдер арасында логикалық өзара байланыссыз әдеби дереккөздерді жинақтауды білдіреді.

- Ғылыми-зерттеу компоненті бірде-бір бөлімде орындалмаған.

А- дан А-ға дейін, В-дан В+ - ға дейін, D-дан С+ - ға дейін ауытқу амплитудасындағы бағалауды таңдау жүргізілетін диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми жетекшілер тапсырмаларының орындалу дәрежесімен және ғылыми-зерттеу компонентінің іске асырылу көлемімен анықталады.

ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ

МАГИСТРАНТТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ОРЫНДАЛУЫН
БАҚЫЛАУ ВЕДОМОСІ №___

Топ___ Курс___
 Семестр_____ Оқу жылы_____
 Кафедра_____
 Кредиттер саны_____

№	Аты-жөні	Ғылыми жетекшінің аты-жөні	ҒЗЖ орындау бағасы	Аттестаттау комиссия мүшелерінің қолы
1				
2				
3				

Жоғары оқу орнынан кейінгі
 білім бөлімінің бастығы _____
 (қолы) (Аты-жөні)

Ескертулер:

- 1) 90-нан 100-ге дейін – «А», «А-» - «өте жақсы»;
 70-тен 89 баллаға дейін баллов – «В+», «В», «В-» «С+» - «жақсы»;
 50 ден 69 баллға дейін – «С», «С-», «Д+», «Д» - «қанағаттанарлық»;
 0ден 49 баллға дейін – «F», «FX» - «қанағаттанарлықсыз».
- 2) Ведомоске өзгертулер енгізілмейді.

**Магистранттардың ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін
бағалау критерийлері бойынша
БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ**

Әрбір критерий 100 балдық шкала бойынша бағаланады.

№	Магистранттың аты-жөні	Бағалау (критерийлерге сәйкес)											Жалпы		
		1 блок – Жүргізілетін диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми кеңесшілердің тапсырмаларын орындау			2 блок – Ғылыми-зерттеу компоненттерін орындау										
		1	2	3	1	2	3	4	5	6	7	8		9	

Комиссия мүшесі _____ (аты-жөні)
(қолы)